

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 269 және 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 475 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 193 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне(Салық кодексі) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталған жабдықтардың, ауыл шаруашылығы техникасының, автомобиль көлігі жылжымалы жүк құрамының, сондай-ақ жеке өндірістік мұқтаждар үшін әкелінетін қосалқы бөлшектердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 269 қаулысында :
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру ережесін бекіту т у р а л ы " ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесі;

Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы

Кодекcінде (Салық кодекcі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру ережесі (осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес) бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодекcінде (Салық кодекcі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын жабдықтың, ауыл шаруашылығы техникасының, автомобиль көлігі жылжымалы жүк құрамының, сондай-ақ жеке өндірістік мұқтаждар үшін әкелінетін қосалқы бөлшектердің тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодекcінде (Салық кодекcі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесі";

кесте мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1-1-жолмен толықтырылсын:

"1-1 Инсектицидтер, родентицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, өсімдіктердің көктеуіне қарсы құралдар мен өсуін реттеуіштер, бөлшек сауда үшін қалыптарға немесе орауыштарға бөлшектеп оралған немесе дайын препараттар немесе бұйымдар түрінде ұсынылған дезинфекциялайтын және соған ұқсас заттар (күкіртпен өңделген ленталардан, білтелер мен шырақтардан, шыбын жабыстырғыш қағаздан басқа)* 3808-ден";

2) Ескерту. 2) тармақшасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1313 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Қаулының 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағы 1) тармақшасының он екінші абзацын қоспағанда, осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

2

наурыздағы

N

193

қаулысына

1-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 6 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексында (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру ережесі

1. Осы Ереже Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексында (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) қалыптастыруға бірыңғай әдісті қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

2. Тізбеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды мүдделі мемлекеттік органдар, жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (бұдан әрі - өтінім беруші) мемлекеттік фискалдық саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті органға (бұдан әрі - Уәкілетті мемлекеттік орган) ж і б е р е д і .

3. Тізбені тауарлармен толықтыру жөніндегі ұсыныстарға мынадай мәліметтер қоса беріледі:

- 1) толықтыру қажеттігінің негіздемесі;
- 2) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Тізбеге қосуға ұсынылып отырған тауарға Қазақстан Республикасының жылдық қажеттілігі (нақты көлемі) туралы қорытындысы;
- 3) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының аумағында осындай тауарлар өндірісінің жылдық көлемі (нақты көлемі) туралы немесе мұндай өндірістің болмауы туралы қорытындысы;
- 4) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қосуға ұсынылып отырған тауармен Тізбені толықтыру қажеттілігі туралы қорытындысы;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, Тізбеге қосуға ұсынылып отырған тауардың құны (тауардың 1 бірлігіне теңгемен);
- 6) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік

әкімшілендіруді жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Тізбеге қосуға ұсынылып отырған тауарлардың ЕурАзЭҚ Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) тауарлар атауына және кодтарына сәйкестігі мәніне қорытындысы.

4. Тізбеден тауарларды алып тастау жөніндегі ұсыныстарға мынадай мәліметтер қоса беріледі:

1) алып тастау қажеттігінің негіздемесі;
2) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Тізбеден алып тастауға ұсынылып отырған тауарға Қазақстан Республикасының жылдық қажеттілігі (нақты көлемі) туралы қорытындысы;

3) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының аумағындағы осындай тауарлар өндірісінің жылдық көлемі (нақты көлемі) туралы өндірушінің атауы көрсетілген қорытындысы;

4) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның алып тастауға ұсынылып отырған тауарды Тізбеден алып тастау қажеттігі туралы қорытындысы;

5) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Тізбеден алып тастауға ұсынылып отырған тауарлардың ЕурАзЭҚ Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) тауарлар атауларына және кодтарына сәйкестігі мәніне қорытындысы.

5. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Ереженің 3 және (немесе) 4-тармақтарында көрсетілген мәліметтермен қоса табыс етілген ұсыныстарды қарайды және Уәкілетті мемлекеттік орган ұсыныстарды алған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде өтінім берушіге Тізбені толықтырудың және (немесе) Тізбеден тауарларды алып тастаудың орындылығы туралы негізді қорытындыны береді.

6. Өтінім беруші осы Ереженің 3 және (немесе) 4-тармақтарында көзделген мәліметтердің толық емес тізбесін ұсынған жағдайда, Уәкілетті мемлекеттік орган өтінім беруші табыс еткен ұсыныстарды қараудан жазбаша нысанда бас тартады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2

н а у р ы з д а ғ ы

№

1 9 3

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

28

сәуірдегі

№

475

қаулысымен

бекітілген

Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында лизинг беруші әкелген, импорты қосылған құн салығынан босатылатын мүлік тізбесін қалыптастыру ережесі

1. Осы Ереже Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында лизинг беруші әкелген, импорты қосылған құн салығынан босатылатын мүлік тізбесін (бұдан әрі - Тізбе) қалыптастыруға бірыңғай әдісті қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

2. Тізбеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар мемлекеттік фискалдық саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті органға (бұдан әрі - Уәкілетті мемлекеттік орган) жібереді.

3. Тізбені мүлікпен толықтыру жөніндегі ұсыныстарға мынадай мәліметтер қоса беріледі:

- 1) толықтыру қажеттігінің негіздемесі;
- 2) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Тізбеге қосуға ұсынылып отырған мүлікке Қазақстан Республикасының жылдық қажеттілігі (нақты көлемі) туралы қорытындысы;
- 3) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының аумағындағы осындай мүлік өндірісінің жылдық көлемі (нақты көлемі) туралы немесе мұндай өндірістің болмауы туралы қорытындысы;
- 4) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қосуға ұсынылып отырған мүлікпен Тізбені толықтыру қажеттілігі туралы қорытындысы;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, Тізбеге қосуға ұсынылып отырған мүліктің құны (мүліктің 1 бірлігі үшін теңгемен);
- 6) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Тізбеге қосуға ұсынылып отырған мүліктің ЕурАзЭҚ Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) тауарлар атауларына және кодтарына сәйкестігі мәніне қорытындысы.

4. Тізбеден мүлікті алып тастау жөніндегі ұсыныстарға мынадай мәліметтер қоса беріледі:

1) алып тастау қажеттігінің негіздемесі;

2) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Тізбеден алып тастауға ұсынылып отырған мүлікке Қазақстан Республикасының жылдық қажеттілігі (нақты көлемі) туралы қорытындысы;

3) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының аумағындағы осындай мүлік өндірісінің жылдық көлемі (нақты көлемі) туралы өндірушінің атауы көрсетілген қорытындысы;

4) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның алып тастауға ұсынылып отырған мүлікті Тізбеден алып тастау қажеттігі туралы қорытындысы;

5) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Тізбеден алып тастауға ұсынылып отырған мүліктің ЕурАзЭҚ Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) тауарлар атауларына және кодтарына сәйкестігі мәніне қорытындысы.

5. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Ереженің 3 және (немесе) 4-тармақтарында көрсетілген мәліметтермен қоса табыс етілген ұсыныстарды қарайды және Уәкілетті мемлекеттік орган ұсыныстарды алған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде өтінім берушіге Тізбені толықтырудың және (немесе) Тізбеден мүлікті алып тастаудың орындылығы туралы негізді қорытындыны береді.

6. Өтінім беруші осы Ереженің 3 және (немесе) 4-тармақтарында көзделген мәліметтердің толық емес тізбесін табыс еткен жағдайда, Уәкілетті мемлекеттік орган өтінім беруші табыс еткен ұсыныстарды қараудан жазбаша нысанда бас тартады.